



Бекітімін:

Мектеп директоры
Г.Кембебаева

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша
«Озат тәжірибе» мектебінің**

2023-2024 оку жылына арналған жұмыс жоспары

Мақсаты:

- ❖ Мұғалімнің кәсіби шеберліктерін шындаі отырып, қоғамдық білімнің жаңа құбылыстарын түсінетін, көзқарастар жүйесіне ие, шығармашыл мұғалімдердің мен озат іс-тәжірибелерін жинақтап насиҳаттау және тарату жан-жақты білімді, әлеуметтік белсенді шығармашылық түрғыда дамитын тұлғаның қалыптасуына сай кәсіби шеберлігі шындалған мұғалімдердің жұмысын дамыта отырып, «Жас ұстаз» жас мамандар мектебі мен шығармашылық топпен сабактастықты жүзеге асыру. Өзара тәжірибе алмасу, өздігінен білім көтеру, кәсіби құзыреттілігін көтеру арқылы өз ісінің шеберін дайындау.

Міндеті:

- ❖ мұғалімдердің педагогикалық іс – тәжірибесін зерделеу, зерттеу, тарату жұмыстарын ұйымдастыру;
- ❖ окушылардың жеке қасиеттерін ашу, өз бетімен ізденуге баулу, шешімдер қабылдау және шығармашылығын дамытуға бағыттау;
- ❖ баспа жұмыстарын жоспарлау және жариялау;
- ❖ мұғалімдердің семинар-конференцияларды бастамашылдық әрекетімен өткізу; кәсіби сайystарға қатысу; онлайн семинарларына қатысу;
- ❖ озық іс-тәжірибелерді, жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды енгізу және пайдалану, жас ұстаздар мектебіне шеберлік сыныптар ұйымдастыру;
- ❖ ОПКБА және ҚДИ, ҚазИИТУ-мен байланыс орнату;
- ❖ Мұғалімнің шығармашылығын дамытуға, зерттеу жұмысымен айналысуға, қабілеттілігі мен қызығуын тудыру және оку-тәрбие үрдісінде дамытуға жағдай жасау;
- ❖ жас мамандар мектебі мен шығармашылық топпен сабактастықты арттыру
- ❖ мектепішлік олимпиадалар, сайystар материалдары мен ережелерін бекіту.

№	Откізілетін жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жауапты-лар
1	ОТМ жылдық жоспарын бекіту. Тәжірибелі мұғалімдерден озат тәжірибе мектебінің жетекшілері мен құрамын бекіту	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі ОТМ жетекшісі,

2	Жас мамандарды анықтап, тәлімгер тағайындау, жұмыс жоспарын жасақтау. Тақырыптық- күнтізбелік және құнделікті сабак жоспарларын құруға көмектесу	Қыркүйек	ОТМ жетекшісі,
3	Жас мамандарға тәлімгерлік қызмет ұйымдастыру	Жылбайы Тоқсан сайын	ОТМ жетекшісі, Пәнмұғалімдері
4	ОТМ мүшелерінің іс- тәжірибелерін баспа беттерінде жариялану жұмыстарын ұйымдастыру;	Қыркүйек	ОТМ мүшелері мен пәнмұғалімдері
5	Жоспарға сай жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.	Жылбайы	ОТМ жетекшісі,
6.	Пән бойынша оқу бағдарламасын окуға, өз білімін жетілдіруге, инновациялық бағдарламалар мен технологияны менгертуге көмектесу	Қараша	ОТМ жетекшісі
7	Жас мамандардың онлайн семинар, вебинарларға қатысын қамтамасыз ету	Уақытында	ОТМ жетекшісі Тәлімгерлер
8	Аттестациядан өтетін мұғалімдерге көмек көрсету Шығармашылық жұмыстардың нәтижесін зерделеу.	Жоспарға сәйкес	ОТМ жетекшісі
9	ОТМ мүшелерінің облыстық, республикалық семинар, конференцияларға қатысуы	Жыл бойы	ОТМ жетекшісі
10	Мектепішілік пән олимпиадаларының материалдарын және ғылыми жоба тақырыптарын қаруа, бекіту	желтоқсан	ОТМ жетекшісі мен мүшелері
11	Мұғалімдердің үлгілі сабак даярламаларын баспаға дайындау	Тоқсан сайын	ОТМ жетекшісі
12	«Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу моделі» (онлайн вебинар)	Каңтар	ОТМ жетекшісі, мүшелері
13	Озық тәжірибелі насиҳаттау, байланыс орнату АКТпайдалана отырып, мектеп сайтына мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату	Жыл бойы	ОТМ жетекшісі мен мүшелері
14	Сайыстарға мұғалімдерді дайындау(әдістемелік көмек көрсету)	Үнемі	ОТМ жетекшісі, мүшелері

15	Оқушыларды калалық, облыстық ғылыми жобаға, олимпиадаға дайындау	Жоспарға сәйкес	ОТМ жетекшісі, мүшелері
16	Жас ұстаздар апталығының жұмысына талдау.	Ақпан	ОТМ жетекшісі, мүшелері
17	ЖММ жылдық жұмысына қорытынды сараптама жасау, тәлімгерлер есебін тындау	Наурыз	ОТМ жетекшісі Тәлімгерлер
18	ОТМ жұмысына талдау ОТМ жетекшісінің есебі	Сәуір	ОТМ жетекшісі, мүшелері

«Озат тәжірибе» мектебінің жетекшісі

Б.Садирова

«Бекітемін»
Мектен директоры;

Г.З.Жембебаева



«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
«Озат тәжірибе» мектебінің мүшелері

№	Мұғалімдердің аты-жөні	Пәні	Санаты
1	Айкимбаева Айсулу	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
2	Шашубаева Фарида	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
3	Досымбекова Жазира	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
4	Молдабекова Майгүл	Көркем еңбек	Педагог-зерттеуші
5	Уябасарова Сайра	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
6	Толжарасова Айгүл	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагог-зерттеуші
7	Жайлауов Нурболат	Тарих	Педагог- зерттеуші
8	Алтаева Карлыгаш	Бастауыш	Педагог- зерттеуші
9	Омарова Гульнара	Қазақ тілі	Педагог- зерттеуші
10	Есжанова Аманқуль	Математика	Педагог-сарапшы
11	Усенова Толқын	математика	Педагог-сарапшы

«Озат тәжірибе» мектебінің жетекшісі

 Б.Садирова

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылының I- тоқсанында
жас маманмен жүргізілген жұмыс туралы**

Хабарлама

Жас маман: Ногайбай Анас Алмасұлы- математика пәнінің мұғалімі.

Санаты: педагог. М.Х. Дулати атындағы Тараз өнірлік университетін бітірген.
Мұғалімнің өзекті мәселесі: Білім алушылардың зейінін, қиялын, интеллектін дамыта отырып, ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жеткізу.

Тәлімгерлік – бұл тұрақты диалог, тұлғааралық қарым-қатынас, демек, ұстаз, ең алдымен шыдамды және мақсатқа үмтүлған болуға тиіс. Өз жұмысында жас педагог, ол қолдануға тиіс неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл түрлері: іскерлік және рөлдік ойындар, "шағын топтармен жұмыс", жағдайларды талдау, тілді дамытатын, іскерлік коммуникацияны, жеке көшбасшылық қабілетін, шешім қабылдай білуі, дәлелді тұжырымдауды білуі тиіс.

Жас маман Ногайбай Анастың тәлімгері бола отырып, негізгі мақсат пен міндеттерді анықтады.

Мақсаты: Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын қалыптастыра отырып, қазіргі оқыту талабына сай педагогты дайындау.

Міндеттері:

- 1.Әрбір жас маманның педагогикалық шеберліктерін дамыта отырып, технологияны жетік менгеру негізінде шекірттің білімін жоғары деңгейге көтеру.
- 2.Жас мамандардың теориялық білімдерін мектеп практикасында қолдану дағыларын қалыптастыру.
- 3.Жас мамандардың қазіргі қоғамдағы ролін арттыру, олардың құзырлығын дамыту.
- 4.Жас мамандардың әлеуметтік және кәсіби тұлғасын қалыптастыру, оларды қолдану және ынталандыру.
- 5.Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарын, мемлекеттік білім стандартын, әдістемелік нұсқауларды талдау-игеру жұмыстарын жүргізу.
- 6.Оқу сабактарының барлық түрінің өткізілуінің әдістемесін, тиімділігін жетілдіру.
7. Әдістемелік апталықтар, күндер ұйымдастырып, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі ролін арттыру.

8. Жас мамандарға жеке бас өрекшелігін ескере отырып, диагностикаланған, сарапанған негізде ғылыми –әдістемелік көмектер көрсету.

Оку жылышында Жас маман туралы толық мәлімет жинақталды. Жас маманның өз мамандығына деген көзқарасын, кәсіби деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша бірлескен жұмыс жоспары жасалды. Тәлімгер мен жас маманның арасында кәсіби сұхбат жүргізіліп, жас маманның құнтізбелік жоспарын жасаудың әдістемелік көмек берілді. Мектеп әкімшілігі, тәлімгер тараудынан құнделікті сабак жоспарының мақсатты жасалуына бағыт беріліп, оку үрдісін қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Оку процесі кезінде Анас кез келген басқа жас маман сияқты мақсатына жету үшін маңызды кәсіби сапаларын көрсетті.

- оқу – танымдық атмосфера жасау;
- пайдаланылатын оқыту әдістері;
- оқушылардың сабакта жұмыс істеуі;
- сабактың тәрбиелік жағы;
- мұғалім мен оқушылардың қарым - қатынасы;

Осы кезге дейін жас маманмен жүргізілген жұмыста мынадай қорытынды жасауға болады: мұғалім қазірдің өзінде сабак жүргізу әдістемесін менгерген; сабактың материалымен таныс, оку процесінің барысы мен сынып оқушыларының тәртібіне көңіл бөледі.

Сонымен қатар мектептің қоғамдық іс-шараларына да белсене атсалысады. Қорытынды:

Бейімделу кезеңінде жас маманның жұмысы қындықсыз өтті. Жас маманға мектеп әкімшілігі мен педагог-тәлімгердің теориялық білімді жүзеге асыру сұрақтарында, кәсіби шеберлігін арттыруға көрсетілді.

Алдағы уақытта қойылатын міндеттер:

- жас педагог құзыреттілігін дамыту мәселелері бойынша зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сабактарында қолданысқа енгізу.
- зерттеу және тәжірибелік кезеңінде сабакқа қажетті тиімді әдістерін дұрыс жолмен бағыттау, оқушылармен жұмыс істеу деңгейінде әртүрлі ынталандыруды қамтамасыз ету; оқушылардың бүкіл сабак бойы рефлексия мен өзін-өзі бақылаудың үйімдастыру.

Тәлімгер:  К. И. Алтаева

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша
«Озат тәжірибе» мектебінің
2023-2024 оқу жылында атқарған жұмысы турали**
ХАБАРЛАМА

Оқу жылы басынан "Озат тәжірибе" мектебінің жоспары құрылды, мектептің мақсаты мен міндегідей:

Мақсаты:

- ❖ Мұғалімнің кәсіби шеберліктерін шындаі отырып, қоғамдық білімнің жаңа құбылыстарын түсінетін, көзқарастар жүйесіне ие, шығармашыл мұғалімдердің мен озат іс-тәжірибелерін жинақтап насиҳаттау және тарату жан-жақты білімді, әлеуметтік белсенді шығармашылық тұрғыда дамитын тұлғаның қалыптасуына сай кәсіби шеберлігі шындалған мұғалімдердің жұмысын дамыта отырып, «Жас ұстаз» жас мамандар мектебі мен шығармашылық топпен сабактастықты жүзеге асыру. Өзара тәжірибе алмасу, өздігінен білім көтеру, кәсіби құзыреттілігін көтеру арқылы өз ісінің шеберін дайындау.

Міндегідей:

- ❖ мұғалімдердің педагогикалық іс – тәжірибесін зерделеу, зерттеу, тарату жұмыстарын үйымдастыру;
- ❖ оқушылардың жеке қасиеттерін ашу, өз бетімен ізденуге баулу, шешімдер қабылдау және шығармашылығын дамытуға бағыттау;
- ❖ баспа жұмыстарын жоспарлау және жариялау;
- ❖ мұғалімдердің семинар-конференцияларды бастамашылдық әрекетімен өткізу; кәсіби сайыстарға қатысу; онлайн семинарларына қатысу;
- ❖ озық іс-тәжірибелерді, жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды енгізу және пайдалану, жас ұстаздар мектебіне шеберлік сыныптар үйымдастыру;
- ❖ ОПКБА және КДИ, ҚазИИТУ-мен байланыс орнату;
- ❖ Мұғалімнің шығармашылығын дамытуға, зерттеу жұмысымен айналысуға, қабілеттілігі мен қызығуын тудыру және оқу-тәрбие үрдісінде дамытуға жағдай жасау;
- ❖ жас мамандар мектебі мен шығармашылық топпен сабактастықты арттыру мектепшілік олимпиадалар, сайыстар материалдары мен ережелерін бекіту.

Осы мектептің мүшелігіне жоғары білімді, жоғары санатты мұғалімдер кірді:

Шашубаева Фарида	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
Айкимбаева Айсулу	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
Молдабекова Майгул	Көркем еңбек	Педагог-зерттеуші
Уябасарова Сайра	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
Толжарасова Айгүл	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагог-зерттеуші
Жайлауов Нурболат	Тарих	Педагог-зерттеуші
Алтаева Карлыгаш	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
Омарова Гульнара	Қазақ тілі	Педагог-зерттеуші
Досымбекова Жазира	Бастауыш	Педагог-зерттеуші
Есжанова Аманқуль	Математика	Педагог-сарапшы
Усенова Толкын	математика	Педагог-сарапшы

Жас мамандарды анықтап, тәлімгер тағайындалды, жұмыс жоспарлары жасалып бекітілді. Тәлімгерлер жас мамандарға тақырыптық- күнтізбелік және күнделікті сабак жоспарларын құруға өздерінің көмегін көрсетті. Аттестациядан өтетін мұғалімдерге көмек көрсетіп, шығармашылық жұмыстардың нәтижесін зерделеді.

Пән бойынша оку бағдарламасын оқуға, өз білімін жетілдіруге, инновациялық бағдарламалар мен технологияны менгертуге үлкен көмек жасалынды. Мектепішілік пән олимпиадаларына және ғылыми жобаға оқушыларды дайындал аудан, облыс көлемінде өтетін пәндік сайыстарға қатыстырылды.

«Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу моделі» тақырыбында мектепішілік онлайн вебинар өтті. ОТМ мүшелерінің іс-тәжірибелерін баспа беттерінде жариялану жұмыстары ұйымдастырылып баспаларға өз тәжірибелері таратылды.

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылының
II тоқсанында жас маманмен жүргізілген жұмыс туралы
Хабарлама**

Жас маман: Ногайбай Анас Алмасұлы- математика пәннің мұғалімі.

2023-2024 оқу жылының II тоқсанында жас маманмен жұмыс жоспар бойынша жүргізді.

Күнделікті жұмыс формаларын өзгерте отырып, алдыға қойылған мақсатқа жетуде нәтижеге бағытталған тапсырмалар берілді. Жас маман тәлімгердің сабағына қатысып, өз ойымен бөлісті. Тәлімгер ретінде Анастың бірнеше сабағына қатыстым.

8 қараша күні 8 «А» сыныбында «Квадрат теңдеулерді шешу» тақырыбында өткен сабағына қатыстым. Сабактың бастапқы бөлігінде мұғалім ой қозғау жасап бейнеказба көрсетті. «Пирамидалық талқылау » әдісін қолданып топтық жұмыс орындағып жаңа сабакты түсіндірді. Әр тапсырмадан кейін геометриялық фигуralар арқылы бағалау жүргізіліп, оқулық, тақта, дәптермен жұмыстар орындалды. «Математикалық күнделік» арқылы кері байланыс болды. Жас маманға бағалау критерийлерін накты қою керек және әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану керек деген ұсыныс айтылды.

6- желтоқсан күні «Тендеулерді шешу» тақырыбында өткен сабакта мұғалім Уш фигура арқылы топқа бөліп, сабактың басынды өткенді еске түсіру мақсатында «Қоржындағы сұраптар» арқылы өткенді пысықтау жүргізді. Сабакта топтық және жеке жұмыс түрлері үйымдастырылды. Сабактың әр кезеңіне бөлінген уақыт сақталды. Сергіту сәтін логикалық сұраптар қою арқылы жүргізді. Жеке білім алушылармен жұмыс таратпа материалдар арқылы орындалды. Окушыларды тақтаға шығарып, жауаптың дұрыстығын тексерді. Қатемен жұмыс жүргізілді. Кері байланыс геометриялық фигуralарды таңдау арқылы жүргізілді. Осы сабактан кейін жас маман мен тәлімгердің арасында кәсіби сұхбат жүргізілді. Сабакта окушының жауабын толықтырып отыру және терен ойлануына мүмкіндік беру. Белгілі бір тапсырма ұсынғанда жұмыс алгоритімін ұсыну керектігі айтылды. Жас маманмен сабак кезеңдеріне қатысты сұраптардың жауабын талқылап өзара ой бөлістік.

Тәлімгер:  К. И. Алтаева


**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылының
III- тоқсанында жас маманмен жүргізілген жұмыс туралы**
Хабарлама

Жас маман: Ноғайбай Анас Алмасұлы- математика пәнінің мұғалімі.

Санаты: педагог. М.Х. Дулати атындағы Тараз өнірлік университетін бітірген. Мұғалімнің өзекті мәселесі: Білім алушылардың зейінін, киялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жеткізу.

Жас маман Ноғайбай Анастың тәлімгері бола отырып, негізгі мақсат пен міндеттерді анықтадым. Жас маманмен кәсіби сұхбат жүргізіліп, күнделікті сабак жоспарының мақсатты жасалуына бағыт беріліп, оқу үрдісін қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Тарап, тақырып бойынша дидактикалық материалдарды дайындауда тиімді тапсырмаларды таңдауда, үлгілі сабак тақырыбын таңdap, оның жоспарын дайындауда көмек көрсетілді, әрбір өткізілген сабактан кейін SWOT талдау жасалынды. Жас маман өз пәні бойынша үнемі ізденісте болуын ескере отырып, пән мұғалімдерінің сабактарына қатысып, тәжірибе алмасты.

Сондай-ақ мектепішілік, аудандық шараларға белсенеді қатысып, тәжірибесін жетілдіруде көмек үйымдастырылды. Атап айтқанда 9 ақпан күні аудандық білім бөлімінің үйымдастыруымен өткен «Мен таңдаған мамандық» атты аудандық жас мамандар семинарында Ноғайбай Анас қатысты. Семинарда 7 сынып білім алушыларымен «Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадраты» тақырыбында сабак өткізді. Сабакта «Kahoot», «LearningApps.» т.б тиімді платформаларды қолдана отырып өткізді



Сабакты тиімді жоспарлаудың нәтижесінде сабак жоғары деңгейде өтті. Семинарда Анас Алмасұлы аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен мараппatalды.



Жас маманмен жұмыс жүргізуде алдағы уақытта төмендігі міндеттер қойылды:

- Жас маманға оку іс-әрекетін өткізуге үздіксіз көмек беріп отыру.
- Өткізілетен әрбір шарага шығармашылық тақырыбы бойынша әдістемелік көмек беру.
- Тәлімгердің оку іс-әрекеттеріне қатысып тәжірибе алмасып отыру.

Тәлімгер: К. И. Алтаева